

Персоналды басқару

Қор компаниялары тобында персоналды басқару Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ кадр саясатына (бұдан әрі - Кадр саясаты) сәйкес жүзеге асырылады. Кадр саясаты халықаралық тәжірибелерді ескере отырып әзірленді, Қор компаниялары тобы қызметкерлерінің мүдделерін көрсетеді және Қор компаниялары тобының білікті, құзыретті және уәжді персоналға деген қажеттілігін қанағаттандыруға, сондай-ақ Қор компаниялары тобының қызметкерлері үшін қажетті еңбек жағдайлары мен қолайлы орта жасауға бағытталған.

Кадр саясатына сәйкес Қор тобында қызметкерлерді іріктеу жөніндегі міндетті іске асыру шарттарының бірі тарту және іріктеу кезінде инклюзивтілікті қамтамасыз ету болып табылады: ұлттық, жыныстық, жас және басқа да белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеу.

Гендерлік теңдік және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері Қазақстан үшін басым болып табылады және Қор бұл бастамаларды белсенді қолдайды, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен (бұдан әрі – Ұлттық комиссия), сондай-ақ БҰҰ Даму бағдарламасымен (БҰҰДБ) тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

2024 жылы Қор БҰҰДБ-мен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Осы Келісім шеңберінде Қызылорда облысы халқының әлеуметтік осал санаттарынан шыққан 100 жас адамға арналған жоба іске асырылды. Жоба қатысушылары үшін "Гендерлік теңдік" бағдарламасының түлектері, көшбасшы әйелдер күшімен онлайн шеберлік сыныптары мен практикалық семинарлар ұйымдастырылды.

Соныме Сонымен қатар, Қор қоғам алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсіне отырып, Қор тобында мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыруға ерекше көңіл бөлінеді. 2024 жылдың басында Қордың инклюзия саласында жүргізіп жатқан жұмысы шеңберінде 2024 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар

тобында мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша тиісті жол картасы әзірленіп, бекітілді, оны іске асыру нәтижесінде 2024 жылы 581 мүгедектігі бар адам жұмысқа орналастырылды. 2024 жылдың соңында Қордың портфельдік компанияларымен еңбек қатынастарында тұрған мүгедектігі бар адамдардың саны 3 052 адамды құрады.

2024 жылы Қор компаниялары тобы бойынша 160 мыңнан астам қызметкер оқудан өтіп, өз біліктілігін арттырды.

2024 жылы білімді холдингішілік жүйелеу және сапалы кадрлық әлеуетті қалыптастыру мақсатында корпоративтік форматта оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмыс жалғастырылды, оның ішінде өзін-өзі дамыту, оқыту іс-шаралары, тәлімгерлік, коучинг, іске асырылып жатқан HR-жобалар және Қор компаниялары тобының ішінде кәсіби қауымдастықтарды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, мамандарды, әсіресе жас таланттарды тарту және сақтау мақсатында жұмыс берушінің корпоративтік мәдениеті мен брендин дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде. 2024 жылдың соңында Қордың компаниялар тобында 35 жасқа дейінгі 76 мыңнан астам жас маман бар. Жастармен жұмыс істеудің жүйелі тәсілі жас мамандардың зияткерлік және кәсіби дамуына баса назар аударумен қамтамасыз етіледі.

Жастар саясатын қолдау жөніндегі бағдарламаны іске асыру шеңберінде Қор «Жеті қадам» бағдарламасын іске асыруды жалғастырды. Осы бағдарлама аясында қатысушылар компаниялардың кадрлық және техникалық комитеттерінде қорғаған жеке жобалармен жұмыс жасады. Қордың Портфельдік компаниялары іске асыруды бастаған 15 жобаны таңдап алды.

Өндірістік қауіпсіздік

2024 жылы Қорда алғаш рет Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытудың жаңа корпоративтік стратегиясы бекітілді.

Стратегия шеңберінде өндірістік қауіпсіздікті дамытудың төрт бағытының әрқайсысы бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштері қабылданды: қауіпсіздік мәдениетін арттыру; жабдықты пайдалану кезіндегі қауіпсіздік; төтенше жағдайлардың алдын алу; ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.

Жалпы, өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіруге, «Самұрық-Қазына» АҚ тобы кәсіпорындары қызметкерлерінің қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыруға, сондай-ақ «2024-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы» көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған елеулі жұмыс жүргізілді, оның ішінде:

1. «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» оқу курсы бойынша 120 мыңнан астам өндірістік қызметкер оқытылды.
2. Ұлыбританияның Қауіпсіздік және Денсаулық сақтау институты (IOSH) "Өндірістік қауіпсіздік көшбасшысы" модульдік бағдарламасын әзірледі және аккредиттеді.
3. Қор компаниялары тобының ішінде де, сондай-ақ саланың озық компанияларымен, атап айтқанда «ССКӨБ» АҚ, «Kaz Minerals Management», «Шүлбі СЭС АЭС" ЖШС және "Өскемен СЭС АЭС" ЖШС-мен тәжірибе алмасу жүзеге асырылды.
4. "Техникалық қайта жарақтандыру жоспарларына" сәйкес қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жабдықты ауыстыру мониторингі жүргізіледі. 2024 жылғы жоспарлардың орындалуы 80%-дан асты.
5. Қор қауіпті өндірістік объектілерде шартты апаттарды жою бойынша бірлескен оқу-жаттығулар өткізудің оң тәжірибесін жалғастырды, сондай-ақ Ақтау теңіз сауда портының аумағында, «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры»

ЖШС және «Азия газ құбыры» ЖШС, «РУ-6» ЖШС аумағында оқу-жаттығуларға қатысты.

6. Портфельдік компаниялар сарапшыларының қатысуымен Қор тобының 17 кәсіпорнына тоғыспалы аудит жүргізілді, жою бақылауына алынған жазатайым оқиғаларға алғышарттар болып табылатын 1000-нан астам сәйкес-сіздіктер анықталды.
7. Қызметкерлердің автокөлікте қауіпсіздік белдіктерін тағу әдетін қалыптастыру мақсатында «ҚМГ» АҚ және «КЕГОС» АҚ-ның көмегімен "конвинсерді" (ЖКО кезінде маңдайлық соқтығысуды ұқсатқыш тренажеры) тәжірибелік сынау бойынша науқан жүргізілді.
8. Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі Жас қызметкерлер орталығы (HS Young Workers Centre) құрылды. 2025 жылға жас мамандарды өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне тартуға бағытталған түрлі жастар іс-шараларын өткізу жоспарланған.
9. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілді, атап айтқанда мақалалар шығару, бейнероликтер әзірлеу және көрсету, плакаттар орналастыру, ашық есік күндерін, Қор тобы қызметкерлерінің балаларына арналған мастер-класс өткізу. Осылайша, "Қауіпсіздік баланың көзқарасымен" балалар суреттерінің 59 конкурсы және 69 интерактивті мастер-класс өткізілді, өндірістік қауіпсіздік бойынша 55 бейнеролик әзірленді, оның ішінде жарақат алған қызметкерлердің қатысуымен өндірістік қауіпсіздік мәселелерінде оң ерекшеленген қызметкерлердің отбасы мүшелеріне 639 Ақпараттық хат жолданды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша портфельдік компаниялармен бірлесіп іске асырылған іс-шаралардың нәтижелері 2023 жылмен салыстырғанда зардап шеккендердің жалпы санының 21%-ға төмендеуі болды. LTIF жарақат деңгейі 2023 жылғы 0,14-тен 7%-ға төмендеп, 0,13-ке жетті.